

Тангбили, Гонконг, Қытай

Пікір 2: Алматы мен Астананың көрнекі жерлеріне тур

Барлығына сәлем,

Мен қазан айында екі күнге Астанаға келемін, әрі осы саяхатым барысында Алматыны саяхаттауға тоғыз сағаттық уақытым бар.

Мүмкіндік болса, Алматы мен Астана бойынша көрнекі орындар турын өткізетін компаниялар не жеке тұлғалар бойынша ақпараттарыңыз бар болса, кеңес берулеріңізді сұраймын. Қымбат болмаса тіпті жақсы, өйткені мен шектеулі бюджетті сапардамын.

Көмектеріңіз үшін, алдын ала рахметімді білдіремін.

Меззаринг, Барнстап, Ұлыбритания

Қорытынды. Талдау нәтижелері көрсеткендей, пікірлердің үндестігі 2005 бейтарап пікірден, 2016 жылы аса жағымды пікірге өзгерген. Шетелдік туристердің форумдарындағы пікірлеріне сәйкес, ғаламторда еліміздің көрнекі орындары, туристік маршруттар, тасымалдау құралдары, туристік кәсіпорындардың адресстері мен телефондары туралы толық әрі нақты мәліметтердің жетіспейтінділігі баяндалады. Мұндай жағдай, Қазақстанның туристік потенциалын толық көлемде көрсетуге бөгет болары анық.

Туристік мағлұматтың жетіспеушілігі мәселесінің шешімі ретінде автор Қазақстанның туристік интерактивті картасы мен 24 сағаттық мағлұматтық – кеңес беру орталығы жобаларын жүзеге асыруды кеңес етеді. Ақпараттық ғасырда, туристерді қолдау жобалары жергілікті және аймақтық туристік кәсіпорындардың дамуына тетік болып, берілген ақпараттың толықтылығы мен feedback талдауы арқылы көрсетілген қызметтер сапасын әрі туристтер қалауларының өзгерісін бақылауға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Анализ тональности текста// <https://ru.wikipedia.org/wiki/> Анализ тональности текста
- 2 И. Меньшиков Анализ тональности текста на русском языке при помощи графовых моделей (рус.) // УРФУ, Екатеринбург, Россия : конференция. — 2012
- 3 Котельников Е.В., Клековкина М.В., Определение весов оценочных слов на основе генетического алгоритма в задаче анализа тональности текстов // <http://www.swsys.ru/index.php?page=article&id=3704>

УДК 930

Молдабаева Д. Ж.

Ph.D., ассист.профессор, Сүлейман Демирель университеті, danamoldabaeva@mail.ru

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНА ДЕРЕКТІК ТАЛДАУ (Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегі негізінде)

Аңдатпа. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегі түркі халықтарындағы мемлекеттік басқару жүйесінің көне түркілік және ислами ерекшелігі мақаланың негізгі тақырыбы болып табылады. «Құтты білік» еңбегі ғылыми тұрғыдан талданып, оған қатысты көптеген еңбектер жазылса да, отандық тарих ғылымында оның түркі

халықтарындағы мемлекеттік басқару жүйесіне әсері туралы арнайы қарастырылмаған. Бұл мәселе осы ғылыми мақаланың өзектілігі мен ерекшелігі болып табылады.

Кілт сөздер: Жүсіп Баласағұн, «Құтты білік», мемлекеттік басқару жүйесі, қоғамдық-саяси құрылыс.

Тәуелсіздік алған соңғы жылдарда, Отандық тарих ғылымының көтерген мәселесінің бірі «қазақ мемлекеттілігінің тарихы» болып отыр. Бұл тұрғыда атқарылып жатқан еңбектер де аз емес. Десек те, нәтижелі ғылыми тұжырым жасау үшін ортағасырлық мемлекеттердің құрлымы туралы тиянақты әрі дәйекті зерттеулер қажет сияқты. Өйткені қазақ халқының мемлекеттік тарихын жазу үшін, олардың сонау ежелгі дәуірден бастап, түркі тайпаларының мемлекет құру және басқару дәстүрін жалғастырушы халық екенін дәйекті зерттеулермен дәлелдеуіміз қажет. Қазақ елінің ерте және орта ғасырлық тарихының жете зерттелмеуінің бір себебі, дерек көздерінің аздығы және олардың шет тілдерде (қытай, арап, парсы) болуы. Сондай-ақ бұл салада ұзақ жылдар ұлттық кадрлардың дайындалмауы да маңызды себеп болды. Соның салдарынан қазақ тарихы орыс шығыстанушыларының аударма-зерттеулерімен шектелуге және бізді де солар қалыптастырған ой-пікірдің төңірегінен шыға алмауға алып келді. Тарих ғылымын дамыту, мәселелерге жаңаша қарау белгілі дәрежеде материалдық дайындықты да талап етеді. Тарих ғылымы үшін бірден-бір қажет дүние архивтік-деректік қор және сол деректермен жұмыс жасайтын мамандар.

Осы себептерге байланысты ортағасырлық тарихты зерттеу үшін тек қана тарихшы емес, әрі тілші, әрі шығыстанушы болу қажет. Десекте, осы орта ғасыр бойынша түркі халықтарының ортақ тарихы бүгінгі Түркия Республикасында жете әрі жан-жақты зерттеліп келеді. Деректерді оқу әрі тарихи талдау жасауда түрік әріптестерімізден тәжірибе алмасуға абден болады.

Біз де осы мақалада мемлекеттік құрлым және мемлекеттік басқару туралы түрік тарихшыларының еңбектерінен салыстырмалы түрде пайдалануды жөн көрдік.

Түркі халықтарының мемлекеттік құрлымы тұрғысынан алғанда ортағасырлық жазба деректердің берері мол. Ортағасырлық қарахан дәуірі–мәдени және саяси тарих тұрғысынан ортағасырлық түркі мәдениеті мен араб-ислам мәдениетінің тоғысуы немесе танысу кезеңі. IX-X ғасырлардан бастап түрік-ислам мәдени синтезінің қалыптасу кезеңі, осы кезде түркі халықтарының мемлекет басқару жүйесінде де кейбір өзгерістердің болғаны байқалады. Десек те, мемлекет басшысы – билеушіге қатысты ұғым сол көне түркілік өзегінен көп өзгере қоймаған тәрізді. Бұл, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» поэмасынан да байқалады. Еңбекте «құтты» яғни саяси билік қабілеті мен күшін беретін Тәңірі екенін айқындайтын мынадай сөздер кездеседі: «Құт Тәңірінің бір сыйы оны берген және сенің беделіңді көтерген (атаққа бөлеген) Ол (Тәңірі). Мені жараттың және құтымды арттырдың, Тәңірінің кімге ықыласы түссе, ол дүниені билейді, құтқа кенеледі. Бұл бектік дәрежесіне сен өз күшіңмен жетпедің, оны саған берген –Тәңірі. Оған шүкір ет. Тәңірі кімде-кімге Бектік дәрежесін берсе, оған лайық ақыл мен қабілет те береді» деген сөздер поэманың көп жерінде кездеседі [1, 536 б.].

Қарахандардан кейінгі Салжұқтар дәуірінде мемлекеттік басқару жүйесі дами түсті. Газнауи мемлекетімен де тығыз байланыста болған Салжұқтарда (XII-XIII ғғ.) «биліктің тәңрілік сипаты» ислами элементтермен түрленгені байқалады. Бұл дәуірдің басты тарихи деректерінің арасында, Салжұқ сұлтаны Алып-Арсылан мен Мәлік шахтың уәзірі Низам-үл-Мүлк жазған «Саясат-нама» атты шығармада бізге қажет мағлұматтар кездеседі.

Мысалы, Низам-үл-Мүлк еңбегінде: «Тәңірі әр дәуірде, әр қоғамнан басшылық қабілеті мен құдіреті берілген адамды тандап, оған халықты бақыт пен береке ішінде басқаруды тапсырады»[2, 225 б.]. Автордың баяндауына қарасақ, Тәңірі тандап алатын адамның шыққан тегіне қарамайды, тек оның бойындағы басшылық қасиеттеріне мән береді. Демек, Анадолы Салжұқтары дәуірінде мемлекет басшысының көне түркі дүниетанымындағы Тәңіріден күш пен тылсым қасиет берілген сипаты жойылып, қарапайым пендеден өзгешелігі қалмаған[3, 230 б.]. Бұл ұғымның қалыптасуына Ислам дініндегі «Алланың алдында барлық құлы тең» деген концепцияның түрткі болуы да мүмкін. «Саясат-намада» билеуші Тәңірінің ерекше ықыласы түскен адам емес, өз бойындағы қасиеттердің (адалдық, шыншылдық, батылдық, ержүректік, ақылдылық т.б.) арқасында оған Тәңірі «құт» берген адам болды. Осылайша ерте ортағасырларда бастау алатын мемлекет құрлымындағы басты фактор- билеушінің ролі мен міндеті уақыт өте келе айқындала түсті.

Тарихқа көз жүгіртсек, XIV-XV ғасырларда мемлекеттердің қоғамдық дамуы әлеуметтік топтардың өсіп-жетілгендігін көрсетеді. Осы кезден бастап мемлекеттің лауазымды қызметкерлері және олардың құзыреті айқындала түседі. Мемлекеттік жүйеде атқарушы орган-диуан қызметкерлерінің ролі күшті болды. Алтын Ордада олар басқару жұмыстарымен айналысқан. Кейбір елдерде диуандар жергілікті халықтың үстінен әскери бақылау жүргізіп, тәртіпті қадағалап отырды. Олар алым-салық жинаумен де айналысты. Диуандардың жұмысын реттеп отыратын *білікшілері* (хатшы) болды. Хан кеңесінің тағы бір көрнекті қызметшілері – *даруғалар*[4, 26 б.]. Бұларды ханның өзі тұқымдарынан сайлаған. Бұлар салық жинаушы *мәліктердің* үстінен бақылау жүргізді. Алтын Ордада диуандарға ұксас кеңселік қызметті *басқақтар* деп аталған қызмет адамдары атқарса, Моғолстанда оларды *дафта* қызметкерлері деп атаған. Билеуші таптың өкілдеріне әмірлер, бектер, билер, ру-тайпа ақсүйектері кірген. Ақ Ордада түркі тайпаларының басшыларын әмірлер деп атаса, Ноғай Ордасында мырзалар деп, ал орда билеушілерін әмір деп атаған[5, 47 б.]. Сол сияқты билер де өкімет басындағы жоғарға таптың қатарына жатты. Аталған топтардың әрқайсысының өз қызметтері болғандықтан, төменгі топ өкілдерінің жоғарғы топ өкілдеріне бағыныштылығын анық көре аламыз. «Құтты білік» еңбегінде осы мемлекеттердегі мемлекеттің қоғамдық және саяси құрылысының қандай болуы тиіс екендігі мен негізгі сипаттары ашып көрсетілген. Түркі халықтарының мәдениеті мен тарихын зерттеп жүрген ғалымдардың тұжырымдауынша Түрік қағанаты дәуірінде мемлекеттік лауазымдардың 28-ден астам дәрежесі болған[6, 138 б.]. Бұл жағдай көне және орта ғасырлық түркі халықтарындағы мемлекеттік басқару жүйесінің қаншалықты қалыптасқан формада болғанын көрсетеді. Мемлекеттік басқару жүйесі туралы мәселе бойынша тағы бір ескерілмесі қажет дүние бұл «мемлекеттік құрылтай» жүйесі. Құрылтайда хан сайлау ісінен бастап, мемлекеттің ішкі және сыртқы маңызды мәселелері: жорыққа аттану, жер бөлісі сияқты мәселелер құрылтайда шешілетін болды. Құрылтай шешімі заң деп танылды.

«Құтты білік» еңбегінде аса мән берелетін қызмет бұл- билеуші. Билеушіге қойылатын талаптар мен қасиеттерде былай сипатталады: ел-жұртты басқаратын адам ақыл, парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, білім мен өнерге жетік, қолы ашық, пейілі кең, жүзі жарқын, ешкімге кек сақтамайтын жан болуы шарт екенін айтады. Ел басқарған әкімдерді күншілдік, ашкөздік, сауық-сайранға құштарлық, қатыгездік, кекшілдік сияқты жаман қылықтардан сақтандырады. Түркі халықтарындағы мемлекеттік басқару ісі туралы көрнекті зерттеу жұмыстарының авторы Түрік тарихшысы Решат Генч

өзінің «Қарахандардың мемлекеттік құрылымы» атты еңбегінде Жүсіп Баласағұнның «құт» сөзін «саяси құдірет, билеушінің беделінің» көрсеткіші ретінде яғни «қағанның мемлекет басқару қабілеті» ретінде түсіну қажеттігін айтады [7, 85 б.].

Бұдан кейін ақын билеушінің көрер көзі, естір құлағы “хас хажіб”, яғни бас уәзір міндеттерін тізбектеп, зор білгірлікпен айтып шығады. Бас уәзір халықтың талап-тілектерін патшаға, ал патшаның айтар ой-пікірін, жарлықтарын халыққа жеткізіп отыруы тиіс екенін ашып көрсетеді. Қытай деректерінде Ғұндардан бастап түркі мемлекеттерінің түгелінде дерлік «билікті жүйелеуші, сыртқы байланыстарды қадағалаушы қызметін атқаратын бұйрықтар(уәзірлер) туралы» мағлұматтар баршылық. Түркі мемлекеттерінде үкімет мүшелерінің саны әр уақытта әр түрлі болып өзгеріп отырған. Дегенмен, қытай деректеріне қарасақ, Ұйғыр қағанаты мен Түркі қағанаттарында үкімет мүшелерінің саны тоғыз бұйрықтан тұратын [8, 46.]. Деректердегі мағлұматтарға қарағанда, осы тоғыз бұйрықтардың алтауы «сыртқы бұйрықтар» ал үшеуі «ішкі бұйрықтар» болып жіктелген сияқты.

Ибрахим Кафесұлы өзінің «Түрік Мәдениет тарихы» атты еңбегінде Лиу Маутсайдың (Liu Mau-tsaï) қытай деректері негізінде жазылған еңбегіне талдау жасай келе «бұйрық-бақан-министр» атқаратын қызметтері тұрғысынан алғанда бір-біріне өте жақын түсініктер делінген. Орта ғасырлық түркі мемлекеттеріндегі әлеуметтік жіктелу және титулдар туралы қытай деректері олардың атауларын жеткізгенімен, осы титулдағы адамдардың нақты атқаратын қызметтері туралы жітік мағлұмат бермейді. Түркі мемлекеттерінде сыртқы байланыстар мен қатынастарды қалыптастыру мен дамыту ісі тұрғысынан «сыртқы істер уәзірлігі» маңызды орынға ие болатын. Көне түркі мемлекеттерінде елшілік-дипломаттық қызметтерді атқарушылар Білгелер деп аталатын [9, 230 б.]. Мемлекеттің сыртқы ахаулы осы Білгелердің біліктілігі мен біліміне тікелей байланысты болған. “Құтты білікте” елшіге қойылатын талаптар егжей-тегжейлі сипатталып жазылған. Бұл ортағасырлық түркі мемлекеттерінде елшінің рөлін анықтай түседі. Себебі, сыртқы саясатта түркілер мыңжылдық мәдениеті мен тарихы бар Қытай, Иран және Византия сияқты өркениетті елдермен терезесі тең дәрежеде байланыстар орнатып, дербес мемлекет ретінде өздерін мойындатып келген. Осы істе елшілердің де атқарған ісіне орай аталмыш еңбекте маңызды орын берілген. Ж. Баласағұн елші ерекше зерек, өзі көрікті, көп тіл білетін, шешен, жақсы аңшы, құсбегі, жұлдызшы (астролог), түс жори білетін, музыкант сияқты көптеген қасиеттерге ие жан болуы қажет екенін айта келіп: “елші ердің төрт құбыласы тең болсын, елде – кісі, сыртта – бүтін ел болсын!” – дейді [10, 538 б.].

Жүсіп Баласағұнның мемлекетті басқару қағидалары мен принциптерін, елге билік жүргізудің ережелері мен тәртібін, қоғам мүшелерінің мінез-құлық және әдет-ғұрып нормаларын жыр еткен этикалық-дидактикалық мазмұндағы көркем туындыда осылайша елдегі барлық лауазым, кәсіп иелеріне қойылатын моральдік-этикалық талаптар сипатталып көрсетілген.

Жүсіп Баласағұнның қоғам туралы ойларында, яғни қазіргі түсініктегі әлеуметтік философиясында әділет, бақыт, ақыл және қанағат ретінде бейнеленіп, “Құтты біліктің” төрт кейіпкерінің бойына жинақталған. Бұл төрт кейіпкер дастанның басты идеясы төрт принцип арқылы көрініс табады. Осы төрт принцип орта ғасырлық мемлекеттің төрт аяғы тірегі іспеттес. Олар:

Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай *әділ заңның* болуы. Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді.

Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның *уәзірі* Айтолды (көне түркі тіліндегі уәзір-айуки немесе айгужы) бейнесі арқылы жырға қосылған.

Үшіншісі, *ақыл-парасат*. Ақыл-парасаттың қоғамдық-әлеуметтік рөлі уәзірдің баласы Ұғдүлміш бейнесінде жырланады.

Төртіншісі, *қанағат-ынсап* мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Ордгүрміш бейнесі арқылы әңгіме болады. Осы төрт қасиеттің кімнің бойында немесе қай мемлекеттік қызметкердің бойында болуы қажеттігі олардың атқаратын қызметтерінің мәні мен маңыздылығын айқындап береді[11, 536 б.].

“Құтты білік” дастанының сюжеттік желісі негізінен шығарманың бас қаһармандарының өзара әңгімесінен, сұрақ-жауаптарынан, бір-біріне жазған хаттарынан тұрады. Мұндай сұхбатта олар ел басқарған әкімдер қандай болуы керектігін, оқу-білімнің қажеттігін, әдептілік пен тәлім-тәрбие мәселелерін дидактикалық-философиялық тұрғыдан сөз етеді. Бұл жалған дүниені ақыл тезіне салып түзетуге болатынына да сенген ғұлама әлемдік үйлесімділік негізінде әділетті адамзат қоғамын құруды армандады. Сондықтан ол ғылым мен білімге зор мән берген. “Құтты біліктің” негізгі айтар ойы – адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты, құтты ету. Кісілік кемелдену жолына түскен адам – өзінің қасиетіне, қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл жан. Ондағы “өзіңді сақтау”, “өзіңді ұмытпау” қағидасы адамның адамшылығын танытар қасиеті – адамгершілік пен кісілікті жетілдіруге бағытталған. Мұнан өзге Жүсіп Баласағұни шығармашылығына ізгілікке құштарлық пен іңкәрлік, сопылық танымдағы Алланы сүю, әлем мен адам сырына терең бойлауға ұмтылушылық белгілері тән.

Бүгінгі таңда мінсіз қоғам құру үшін мемлекеттік құрлымды қалай жақсарту керек деген сұраққа негізгі жауап іздеушілер тарихшылар болуы қажет. Ал жауабы ғасырлар бұрын жасылса да құндылығын мен шынайылығын жоғалтпаған осы еңбектерде сақтаулы. Әлім сақтан бері қылыштың күшімен ұлыс-мемлекет құруға болғанымен, оны күшейту көбіне қаламның күшімен жүргізілген. Демек, мемлекет қалам мен қылыштың үстінде теңдей тұрады деген тұжырым қандай орынды десеңізші. Осы екі қағиданы тең ұстаған Түркі тайпалары ғасырлар бойы іргесі сөгілмеген мемлекеттер мен ұлыстар құрды. Бірақ, тамыры терең тарихымыздың беттерін парақтасаңыз осы екі қағиданың, тек қылыш күшімен құрылған мемлекеттер тұрғысынан тарқата айтып, түркілердің саясаттағы ұсталығын, қылыштан да қалыспайтын қаламының өткірлігі ұмыт қалып жататыны жанға батады. Осы мәселеге тарихшылардың және көпшілік қауымның назарын аудару мақсатында осы тақырыпқа қалам тарттық. Бұл мәселелердің тереңдей зерттелуі, тарқата талдануы, көпшіліктің көкейіне қонуы әрине болашақтың еншісіндегі іс. Десекте, тарихшылардың дәстүрлі зерттеу сарынынан өзгеше бағыт ұстанар кезі келді. Болашақ аңыз-әңгіме, құр сөзге мойын бұрмайды. Өзімізді таң қалдырған тарихымыз, өзгелерді де таң қалдырсын десек, ата-бабаларымыздың қылыш күшінен бұрын, мемлекеттің басты тірегі болған қалам күшін, сөз өнерін жеткізе білуіміз керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әдеби жәдігерлер, V том (Жүсіп Баласағұн, «Құтты білік», А.Қ. Егеубаев), Алматы: Таймас баспасы, 2007.-536 б.
- 2 С. Жолдасбайұлы, «Ежелгі және ортағасырдағы Қазақ елінің тарихы», Кітап баспасы, Алматы қаласы, 2010. -208 б.

- 3 И. Кафесұлы, Түрік мәдениет тарихы, Ыстанбул, 1996-225 б.
- 4 С. Жолдасбайұлы «Ежелгі және ортағасырдағы Қазақ елінің тарихы», кітап баспасы, Алматы қаласы, 2010. -138 б.
- 5 В. В. Бартольд, Тюрки-двенацать лекций по истории турецких народов Средней Азии, Алматы, 1998-47 б.
- 6 К. Аманжолов, Түркі халықтарының тарихы-2, Алматы: Білім баспасы, 1997 - 26 б.
- 7 Решат Генч, Қарахандардың мемлекеттік құрылымы, Ыстанбул, 1998-85 б.
- 8 Расони Лазло, Түріктердің Тарихы(Tarihte Türklük), Анкара:ТАКЕ баспасы, 1991-4 б.
- 9 И. Кафесұлы, Түрік мәдениет тарихы, Ыстанбул, 1996-230 б.
- 10 Жүсіп Баласағұн, Құтты Білік, ауд.А.Қ, Егеубаев Алматы: Таймас баспасы, 2007.-538 б.
- 11 Жүсіп Баласағұн, Құтты Білік, ауд.А.Қ, Егеубаев Алматы: Таймас баспасы, 2007.-536 б.

ӘОЖ 327/339.9

Мұсатаев С.Ш.¹, Сақбекова Ә.Б.²

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының профессоры, саяси ғылымдарының докторы

E-mail: mceka@mail.ru

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының магистранты

ЕАЭО ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ РӨЛІ

Abstract. The article examines geostrategy of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan's role in improving the transit potential of the EAEC, aimed at efficient use of its transit potential, as well as topical issues of state policy in the sphere of transport and communications. Kazakhstan has initiated projects such as the international transit corridor "Western Europe - Western China", "Eurasian transcontinental corridor" state program "Nurly Jol" that contribute to the development of the transcontinental infrastructure. The authors carried out political analysis of the work done in the field of transport and logistics.

Key words: Transit potential, geostrategic, transport and communications, international transport corridor

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласы – Қазақстанның дағдарысты еңсеруіне бағытталған, бүкіл қоғам өмірі мен ұлттық экономиканың жаңаша даму жолдары кешенді қарастырылған бағдарламалық құжатқа тең. Елбасымыздың жаңа Ұлт жоспарында еліміздің көлік-транзит логистикалық әлеуетін арттыруға баса назар аударылып отыр [1]. Еуразия кіндігінде орналасқан Қазақстан қазіргі заманғы көліктік инфрақұрылымды қалыптастыру мен дамытуды жүйелі түрде іске асыруда. Жалпы, Қазақстан тарихына шолу жасасақ геосаяси жағдайына байланысты қасиетті қазақ жері ғасырлар бойына тоғыз жолдың торабын, түрлі бағыттағы керуен жолдарын тоғыстырған. Алтай мен Атыраудың арасында жатқан кең-байтақ қазақ жері Шығыс пен Батыс өркениеттерін тоғыстырып, ұлы дала арқылы қазіргі заманғы халықаралық қатынастарға негіз болған Ұлы Жібек жолы өткен. Ал бүгінгі таңда Еуразия құрылығының көп елдеріне, ірі көліктік тораптары мен